

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

Келісілді

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау және
қадағалау комитетімен
2012 жылғы 5 қазанда

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау және қадағалау
комитетінің төрағасы

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарий" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2012 жылғы 27 тамыздағы отырыстың
№ 13 хаттамасы)

2012 жылғы 21 қарашадан бастап

қолданысқа енгізілді

К.Б. КОЖАХМЕТОВ

Депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасына

№ 5 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. 23-баптың 1-тармағындағы " 37-1," символы алынып тасталсын.
2. 25-баптағы:
 - 1) 1-тармақ 1-1 тармақ болып саналсын;
 - 2) келесідей мазмұндағы 1-тармақпен толықтырылсын:

"1. Осы баптың қолданылуы акцияларды жазылым арқылы орналастыруды тіркеуге таратылмайды."
3. 36-бапта:
 - 1) 1-тармақ 1-1 тармақ болып саналсын;
 - 2) келесідей мазмұндағы 1-тармақпен толықтырылсын:

"1. Осы баптың қолданылуы акцияларды жазылым арқылы сатып алуды/сатуды тіркеуге таратылмайды."
4. 37-1 баптың атауындағы "Ерекшеліктері" сөзі "Тәртібі" сөзімен ауыстырылсын.
5. 37-1 баптағы:
 - 1) 7–9 тармақтар келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"7. Жазылым арқылы жасалған мәмілелерді тіркеуді Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыдан алған жазылым арқылы жасалған мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықтар тізімдемесі (бұдан әрі осы бапта – тізімдеме) негізінде жүзеге асырады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Орталық депозитарийге тізімдемені жазылым талабында көзделген есеп айырысу кезеңінде жібереді.

8. Орталық депозитарий қабылдаған тізімдемеде көзделген бұйрықтарды орындау күні ол жіберуші қосалқы шотының "негізгі" бөлімінде қаржы құралдарының тізімдемеде көзделген барлық бұйрықтарды орындау үшін жеткілікті мөлшерде болуын тексереді.

Көзделген тексерудің кері нәтижесі кезінде Орталық депозитарий бұйрықтар тізімдемесінде көзделген барлық бұйрықтарды орындаудан бас тартады.

Көзделген тексерудің оң нәтижесі кезінде Орталық депозитарий тізімдемеде көзделген бұйрықтарды осы баптың 9–12 тармақтарына сәйкес орындайды.

9. Егер тізімдемеде көзделген бұйрықтарды орындау Банк операцияларын жүзеге асыру қағидасына сәйкес ақша аудару қажеттігімен байланысты болмаса, Орталық депозитарий аталған бұйрықты қаржы құралдарын жіберушінің қосалқы шотының "негізгі" бөлімінен алушының қосалқы шотының "негізгі" бөліміне аудару жолымен орындайды.";

- 2) 10–12 тармақтар келесідей редакцияда мазмұндалсын:

- "10. Егер тізімдемеде көзделген бұйрықты (тізімдемеде көзделген бұйрықтарды) орындау Банк операцияларын жүзеге асыру қағидасына сәйкес ақша аудару қажеттігімен байланысты болмаса, Орталық депозитарий:

- 1) қаржы құралдарын осы бұйрықтың әрқайсысынан жіберушінің қосалқы шотының "негізгі" бөлімінен қосалқы шоттың "есеп" бөліміне ауыстырады;
- 2) осы бұйрықтарды ақша жіберушінің банктік деректемелері бойынша топтайды және ақшаны осы бұйрықтарды алған әрбір топқа аударды (осы баптың 11-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

11. Егер осы баптың 10-тармағының 2) тармақшасында көзделген ақша аударымы орындалмаса, Орталық депозитарий бұйрықтар тобына кіретін бұйрықтың әрқайсысындағы қаржы құралдарын жіберушінің қосалқы шотының "есеп" бөлімінен сол қосалқы шоттың "негізгі" бөліміне аударды (қайтарады) және аталған топқа кіретін барлық бұйрықтарды орындаудан бас тартады.

Егер осы баптың 10-тармағының 2) тармақшасында көзделген ақша аударымы орындалса, Орталық депозитарий қаржы құралдарын жіберушінің қосалқы шотының "есеп" бөлімінен алушының қосалқы шотының "негізгі" бөліміне аудару жолымен бұйрықтар тобына кіретін бұйрықтың әрқайсысын орындайды.

12. Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыға тізімдемеде көзделген бұйрықтың орындалғаны немесе орындалмағаны туралы есепті жібереді.

Орталық депозитарий депоненттерге орындалған бұйрықтарда көзделген қосалқы шотты (тізімдемеде көзделген бұйрықтар ішінен), тіркелген мәмілелер туралы есептерді."

Президент

Б.Х. Капышев